

ТҮРКІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ КОНЦЕПТОСФЕРАСЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ «АҚЫЛ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ГЕНДЕРЛІК СИПАТЫ

Бакытжанова А.Қ.¹, *Шоқым Г.Т.², Буранкулова Э.Т.³

¹фил. ғыл. канд., ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы,
Астана, Қазақстан,

e-mail: mak_75@rambler.ru

*²фил.ғыл. докт., профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті, Ақтөбе, Қазақстан,

e-mail: shokum@mail.ru

³ PhD, аға оқытушы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

e-mail: elmira.burankulova@inbox.ru

Аңдатпа. Адам болмысын зерттеуге бағытталған когнитология, психоллингвистика, элеуметтік лингвистика сияқты ғылымдардың жетістіктеріне сүйену негізінде қазақстандық тіл білімінде соңғы 20 жыл көлемінде гендерлік лингвистика бағыты ерекше қарқынмен даму үстінде. Тілдегі гендерлік факторлар адам мен тілдік болмыстың өзара байланысын аталған ғылымдардың әдіснамасы арқылы айқындауға негіз болды. Соның ішінде адамның интеллектуалдық концептосферасын гендерлік ерекшеліктері тұрғысынан зерттеу – қазақстандық гендерлік лингвистиканың әдістемелік саласына өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Бұл зерттеудің мақсаты – түркі интеллектуалдық концептосферасын «ақыл» концептісі негізінде ер мен әйелдің гендерлік ерекшеліктері тұрғысынан анықтау. Мақалада түркі тілдеріндегі «ақыл» концептісінің гендерлік ерекшеліктері мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер негізінде зерттеледі. Зерттеу объектісі ретінде гендерлік семантиканы бейнелейтін мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер алынып, олардың когнитивтік модельдері гендерлік сипатта айқындалады. Зерттеу барысында жалпы ғылыми-теориялық әдістерден басқа (сипаттау, интерпретациялау, жүйелеу, салыстыру сияқты), зерттеу материалдарын жинақтау мен сұрыптау, семантикалық жіктеу мен топтастыру, статистикалық талдау, мағынаны компоненттік талдау, когнитивтік модельдеу, оппозициялар әдісі секілді арнайы әдістер қолданылған.

Зерттеуге алынған «ақыл» концептісі когнитивтік талдау, интеллектуалдық концептосфера, гендерлік лингвистика мен түркі тіл білімі тұрғысынан алғанда кешенді түрде қаралатын өзекті мәселе екені сөзсіз. Түркі интеллектуалдық концептосферасының ядролық бөлігін құрайтын «ақыл» концептісін гендерлік факторлар тұрғысынан сипаттау зерттеудің өзектілігін айқындай түседі.

Зерттеу нәтижесінде «Ақыл» концептісі семантикалық макроөріс ретінде өз құрамында мағыналық кластерлік микроөрістерді ажырататыны анықталып, лингвомәдени және когнитивтік категория ретінде гендерлік факторларды қамту барысында гендерлік лингвистика категориясы қатарында тұратыны дәлелденген. Талдау қорытындысында анықталған «ақыл» концептісінің когнитивтік модельдері бұл концептінің түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік болмыс ерекшеліктерін айқындайтындығы тұжырымдалған.

Мұндай зерттеулер алдағы уақытта түркі тілдерінің гендерлік және интеллектуалдық концептосферасын зерттеп, дамытуда маңызды әрі түркі тілдерінің концептологиялық

саласын ұлттық кодты танып-білу, этникалық сипаты тұрғысынан, мәдени-әлеуметтік болмысымызды тілдік танымдық қырынан ғылыми зерделеу үшін қажет.

Тірек сөздер: интеллектуалдық концепт, гендерлік лингвистика, түркі тілдері, когнитивтік талдау, концептосфера, ақыл, семантика, когнитивтік модель

Негізгі ережелер

Интеллектуалдық концептосфера – адамның ішкі болмысын, атап айтқанда, оның менталды қызметтер саласына жататын танымдық, ойлау құбылыстары мен үрдістерді атап сипаттайтын тілдік құралдар мен лингвомәдени деректерді қамтиды. Жалпы *концептосфера* лингвистикалық проблема ретінде зерттеліп келгенімен, түркі интеллектуалдық концептосферасы *жүйе* ретінде осы күнге дейін іргелі зерттеулерде толыққанды қарастырылмады, сонымен қатар, оның гендерлік сипатына арналған еңбектер жоқ деп айтуға болады. Гендерлік лингвомәдени деректерді интеллектуалдық концептосфераны қалыптастырушы тілдік фактор ретінде зерделеу жаңа бағыттағы зерттеулерге бастама болып, түркі филологиясы және гендерлік лингвистика салаларына қатысты ғылыми әдістеме мен тілдік деректерді толықтыратын фактор. Ауқымды интеллектуалдық концептосфераның орталық семантикалық қабатында орналасатын «ақыл» концептісі түркі тілдерінің лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктерін айқындауға, таным мен ойлау, ес, сана-сезім сияқты концептуалдық бірліктердің гендерлік тұрғыдан модельденуін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. «Ақыл» концептісінің маскулиндік («ер») пен фемининдіктің («әйел») тілдегі бейнеленуі мен лингвомәдени көрінісінің зерттеу нысанына алынуы қазіргі таңда түркі болмысының ерекшеліктерін әлемге таныстыруда және лингвомәдениеттану, этнолингвистика, гендерлік лингвистика сияқты бағыттардың жаңа деректермен толығыуына, ғылыми әдістемелерінің дамуына зор үлес қосады.

Кіріспе

Түркі интеллектуалдық концептосферасын жүйе ретінде алып қарастырсақ, «ақыл» концептісі оның ішкі жүйесі, жүйелік тармағы болып табылады. Сонымен қатар, «ақыл» концептісі интеллектуалдық концептосфераның семантикалық құрылымының ядролық (орталық, негізгі позициядағы) өрісін құрайды. Жалпы алғанда, кез келген концептосфераның семантикалық құрылымында ядролық, жақын перифериялық, орта перифериялық және алыс перифериялық өрістерге ажыратылатыны когнитивтік лингвистика ілімдерінен белгілі. Бұл семантикалық өрістер мағынаны компоненттік талдау мен когнитивтік модельдеу барысында айқындалып, талдау мақсаттарына қарай сипатталады. Бұл мақалада біз «ақыл» концептісінің гендерлік ерекшеліктерін анықтауды көздедік, сондықтан, гендерлік семантиканы бейнелейтін мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер талданып, олардың когнитивтік модельдері гендерлік сипатта беріледі.

Интеллектуалдық концептосфера когнитивтік және лингвомәдени ғылымдардың маңызды категориясы ретінде қаралады. Бұл концептосфераға қатысты қайшы пікірлер туындауы мүмкін, себебі, интеллектуалдық болмыс (қызмет аясы) жалпы адамзатқа ортақ, әмбебап салалардың бірі болып табылатыны сөзсіз. Сонда, интеллектуалдық болмысқа қатысты гендерлік факторлардың орын алуы қаншалықты орынды деген пікір туады. Әрине, адамның интеллектуалдық болмысы менталды, когнитивтік, психикалық, нейробиологиялық сияқты әмбебап антропологиялық үрдістер заңдылықтарымен жүзеге асырылатыны белгілі. Дегенмен, бұл болмыстың оның тіл иелері дүниетанымындағы қабылдануын, тіл құралдары арқылы модельденуін, интеллектуалдық субъектілердің сипатталуын тілдегі өзгеше көріністерін байқатады. Біздің зерттеуімізде «ақыл» концептісін кешенді талдауға мән берілді, себебі, *ақыл* – менталды категория ретінде түрлі сипаттарға ие (мысалы, жүйрік ойлау, тез қабылдау, зеректік) және тілдік бейнеленуі оның лингвомәдени, гендерлік, когнитивтік мазмұндық ерекшеліктерін айқындауды көздейді.

Жалпы концептология саласына, соның ішінде концепт пен концептосфераны зерттеуге арналған еңбектер жалпы тіл білімінде жеткілікті болғанымен, интеллектуалдық концептосфера, оның түрлі сипаттары әлі де болса аз зерттелген, соның ішінде түркі тілдеріндегі интеллектуалдық концептілерді айтуға болады. Бұл қорытындыға біз соңғы 20 жылда қорғалған диссертациялық жұмыстарды талдау барысында келіп отырмыз. Интеллектуалдық концептосфераны зерттеген ғалымдардың қатарында А.Қ. Мырзашова [1], Т.В. Леонтьева [2], Н. М. Сергеева [3], т.б. атауға болады. Бұл диссертацияларда интеллектуалдық концептосфера – адамның ойлау қабілеті, интеллектісі, ақылдылық пен ақымақтық сияқты семантикадағы тақырыптық фразеологизмдер қазақ, славян, герман, кавказ тілдері негізінде зерттелген. Бұл концептілерді қарастыруда, алдымен, тілдік сипаттама беру, категориялау үрдістерін анықтау, лингвомәдени ерекшеліктерді салғастыруға назар аударылған.

Сондықтан, зерттеуге алынған «ақыл» концептісі когнитивтік талдау, интеллектуалдық концептосфера, гендерлік лингвистика мен түркі тіл білімі тұрғысынан алғанда кешенді түрде қаралатын өзекті мәселе екені сөзсіз. Түркі интеллектуалдық концептосферасының ядролық бөлігін құрайтын «ақыл» концептісін гендерлік факторлар тұрғысынан сипаттау зерттеудің өзектілігін айқындай түседі. Тіл иесін қоршаған ақиқат өмір, оның антропологиялық болмыстық салалары, мәдени-әлеуметтік құндылықтары ұлттық тілдердің интеллектуалдық және гендерлік өзгешеліктерді қалыптастырады. Қоғамның әр даму кезеңінде осындай мәдени-әлеуметтік мәні зор ерекшеліктерді жүйелеп зерттеу тіл ғылымдары, антропологиялық сала үшін, келешек ұрпақтың мәдени дамуы үшін де маңызды.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

«Ақыл» концептісінің гендерлік сипатын зерттеу барысында бірқатар шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми көзқарастары басшылыққа

алынды; атап айтсақ – А.В. Кирилина [4] мен Е.И. Горошконың [5] гендерлік лингвистикаға қатысты тұжырымдары; Б. Хасанұлы [6], Г.Т. Шоқым [7] т.б. түркі тіл білімінің гендерлік зерттеулеріне қатысты еңбектері; М. Jakubowicz [8], Т.В. Леонтьева [2], Н.М. Сергеева [3] сияқты ғалымдардың интеллектуалдық концептосфераға байланысты ғылыми көзқарастары.

Зерттеу барысында *жалпы ғылыми-теориялық әдістерден* басқа (сипаттау, интерпретациялау, жүйелеу, салыстыру сияқты), *арнайы әдістер* қолданылды: зерттеу материалдарын жинақтау мен сұрыптау, семантикалық жіктеу мен топтастыру, статистикалық талдау; мағынаны компоненттік талдау мен когнитивтік модельдеу әдістері; оппозициялар әдісі.

Зерттеу материалдарын жинақтау мен сұрыптау әдістері түркі тілдеріндегі гендерлік сипаттағы «ақыл» концептісін бейнелейтін фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер фразеологиялық сөздіктерден, мақал-мәтелдер жинақтарынан іріктеліп, зерттеу материалының жүйелі қорын қалыптастыру үшін қолданылды. Нәтижесінде 1128 (бір мың жүз жиырма сегіз) мысал терілді.

Семантикалық жіктеу мен топтастыру, статистикалық талдау әдістері терілген мысалдар «ақыл» концептісінің мазмұндық категорияларына қарай семантикалық тұрғыдан ажыратылып, семантикалық өрістерге топтастыру барысында қолданылды; *статистикалық талдау* әр семантикалық өрістің сандық жағынан құрамын айқындау және ішкі жүйедегі семантикалық өрістердің көлемін байқап салыстыру үшін қажет болды.

Мағынаны компоненттік талдау мен когнитивтік модельдеу әдістері «ақыл» концептісінің семантикалық құрылымы мен құрамын, интеллектуалдық концептосфера жүйесіндегі орнын, гендерлік факторлар арқылы бейнеленуіндегі когнитивтік амалдарды, гендерлік сипаттың когнитивтік-семантикалық репрезентациялануын зерттеуде қолданылды. Бұл әдістер арқылы жүргізілген талдау зерттеудің негізгі нәтижелерін алуға септігін тигізді.

Оппозициялар әдісі «ақыл» концептісін гендерлік тұрғыдан бейнелейтін интеллектуалдық болмыстың маскулиндік және феминдік ерекшеліктерін айқындап салыстыруда, *ақылдың* әйел мен ерлерге қатысты тілдік оппозициялық тұрғыда байқататын факторларды анықтауда қолданылды. Оппозициялар әдісі гендерлік зерттеулерде гендерлік ерекшеліктердің маскулиндік және феминдік сипаттарын айқындалғанда жиі қолданылатын тиімді әдістердің бірі. Бұл әдісті концептілер мен концептосфераны зерттеу барысында қолдану салыстырмалы типологиялық жаңа деректерді алуға және зерттеу пәнінің парадигмалық факторлары қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған зерттеу әдістері мен жүзеге асырылған ғылыми әдістеме «ақыл» концептісінің гендерлік семантикасының маскулиндік және феминдік сипаттарын анықтайды; түркі фразеологиясы мен мақал-мәтелдеріндегі интеллектуалдық концептіні бейнелеудегі лингвомәдени және когнитивтік модельдену ерекшеліктерін терең зерделеуді қамтамасыз етеді.

Нәтижелер және талқылау

Түркі тілдеріндегі «ақыл» концептісін қалыптастыратын гендерлік деректерді түркі лингвомәдени кеңістігін бейнелеуші тілдік құралдар мен құбылыстар ретінде қарастырамыз. Бұл тұжырым ұлттық-мәдени болмыспен тікелей байланысты мәселе деп санаймыз, себебі тіл иесінің сана-сезімінде бейнеленетін мәдениет түрі *ұлттық мәдени кеңістік* ұғымын сипаттайды. Бұл мазмұндағы *мәдениет* жалпы халықтың мұрасын, ұлттық сипаттағы деректерін, бұқара мәдени тәжірибесін, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар мәдениетін т.б. барлығын түгел қамтитын феномен ретінде айтуға болады. Ал түркі мәдени кеңістігінің *басты өзгешелігі (іргесі)* ретінде оның *танымдық* немесе *менталдық базасы* танылады. Бүгінгі таңда түркі әлемі өкілдерінің жинақтаған білім мазмұны мен білік-тәжірибесі және ұлттық-мәдени, гендерлік, интеллектуалдық маркерленген дүниетанымы – мәдени кеңістігінің *танымдық негізін* құрайды. Демек, түркі дүниетанымының түркі мәдени кеңістігінде бейнеленуімен қатар, оның құраушы бір бөлігі болып табылады. Бұл тұжырымдарымыз бен авторлық позициямыз түркі болмысын зерттеуге арналған еңбектермен танысу нәтижесінде және осы зерттеуді жүргізу барысында қалыптасты.

Сондықтан, бұл зерттеу шеңберінде түркі мәдени кеңістігін қалыптастыратын интеллектуалдық саласын гендерлік тұрғыдан зерттеуде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді түркі дүниетанымын барынша балама түрде сипаттай алатын ұлттық-мәдени маркерленген тілдік деректер ретінде талдауға алып отырмыз.

Түркі тілдеріндегі «ақыл» концептісінің гендерлік ерекшеліктерін сипаттап, зерттеуде қолданылатын әдістердің кешенділігі, әсіресе, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің (зерттеу материалының) ішкі мазмұны мен гендерлік маркерленген сыртқы формасы арасындағы өзара байланыс пен корреляцияны көруге әсер етеді. Бұл ретте, әрине, гендерлік лингвистика теориясы мен концептология саласына қатысты ортақ қаралатын – *құрылымдық гендерлік маркерлену, семантикалық гендерлік маркерлену және гендерлік референция* (бейнеленетін нысанға – денотатқа қатысы тұрғысынан) сияқты мәселелерді белгілейміз. Бұл ретте атап өтетін жай – зерттеліп отырған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерінің құрылымдық гендерлік маркерленуі мен семантикалық гендерлік маркерленуі арасындағы корреляция мәселесі. Сонда «ақыл» концептісін бейнелеуде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерінің ішкі мазмұны мен сыртқы құрылымының гендерлік маркерлену корреляциясы тұрғысынан мынадай аспектілерге назар аударылады – *гендерлік компоненттің* (гендерлік сипатты репрезентациялаушы) *берілу ерекшелігі* (көрінісі) мен *мазмұндық сипаты* (немесе семантикалық табиғаты) қандай екендігі және гендерлік компоненттің *интеллектуалдық семантикадағы орны* туралы мәселе.

«Ақыл» концептісін бейнелейтін фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер астыртын мағына, байлаулы мағына сияқты семантикалық категориялармен анықталатындықтан, оларға қатысты мағынаның макрокомпоненттері болып ажыратылады. Бұл туралы арнайы тұжырымдарын берген В.Н. Телия [9], 3.Д.

Попова мен И.А. Стернин [10], Е.Г. Беляевская [11] сияқты ғалымдар мұндай идиомалық мағыналардың түрлі макрокомпоненттерін белгілейді, мысалы – дескриптивтік, бағалауыштық, стилистикалық, грамматикалық, эмотивтік макрокомпоненттер. Осы семантикалық классификацияға қатысты біз *гендерлік мағыналық компонент* туралы ғылыми тұжырымға И.В. Зыкованың [12] гендерлік макрокомпонент туралы берген болжамын басшылыққа алдық.

Фразеологиялық мағына құрылымындағы гендерлік макрокомпоненттер феминдік және маскулиндік мәдени шартталған концептілерді барынша сипаттай алады, сонымен қатар олардың тілдік репрезентациялануы мен «ақыл» интеллектуалдық концептісінің гендерлік концептуалдануы түркі тілдік дүниетанымында біркелкі еместігін аңғартады. Әсіресе, метафораланған когнитивтік модельдер мағыналық құрылымның күрделі, сатылы құрамда қалыптасуын бейнелейді.

Зерттеу барысында анықтағанымыздай, *фразеологиялық* мағынаны компоненттік талдау және когнитивтік тұрғыдан модельдеу назарға алынып отырған семантикалық құрылымды, олардың ішкі байланыстарын, коннотациялық және денотативтік мағыналарының көрінісін де, лексика-семантикалық парадигмасын белгілеумен қатар, *концепт* семантикалық өрісінің құрамына енгізілетін тілдік бірліктерді жүйелеуге де негіз болады. Атап айтқанда, бұндай сатылы және кешенді талдау жұмысынан кейін *концептінің* семантикалық өрісін құрылымдауға болады, өйткені фразеологиялық өріс құрылымы мен құрамы біркелкі емес сипаттарға сүйенеді. Біздің пайымдауымызша, *лингвомәдени құндылықтар*, олардың деректері осы орайда айқындала түседі. Түркі әлемі өкілдерінің гендерлік концептуалды дүние бейнесінің негізінде жатқан лингвомәдени құндылықтар жүйесін таңбалай отырып, дүниенің концептуалдық бейнесі қамтитын ұлттық құндылықты өзгешеліктерді бейнелейді.

Сонымен қатар, *мақал-мәтелдерінің* мұндай гендерлік зерттеулер үшін маңызы зор деп есептейміз, себебі олар гендерлік мәдениетті қалыптастыру, гендерлік тәрбие беру мен гендерлік әлеуметтендіру үрдістерінде құнды *ұлттық-мәдени деректер* болумен қатар, интеллектуалдық концептосфераның гендерлік сипаттау категориялау мүмкіндіктерін анықтауға және іргелі лингвомәдени тұжырымдарды түсіндіру құралы ретінде қолданыла алады.

Зерттеу материалымыздың талдауға бағытталған семантикалық табиғатына қатысты ғылыми позициямызды белгілеу арқылы негізгі категорияларды анықтадық. Ендігі кезекте «ақыл» интеллектуалдық концептісінің семантикалық өрістерінің құрылымы мен құрамын белгілеп, оларды мысалдар негізінде сипаттау. «Ақыл» концептісі интеллектуалдық концептосфера жүйесінде ядролық семантикалық позицияда орын алатын семантикалық макроөріс, мысалы, онымен теңдес «есте сақтау», «ес», сана», «білімділік» т.б. сияқты макроөрістер ажыратылады. Мұндай топтастыру, алдымен, сөз, сөз тіркестері сияқты тілдік бірліктердің мағынасын компоненттік талдау нәтижесінде және концепт бейнелейтін ақиқаттың (дүние болмысының) бөлігіне (фрагментіне) сәйкес семантикалық құрылымдау

жүзеге асырылады. Мысалы, 2003 жылы академик Н. Ю. Шведованың редакциясымен жарық көрген, іргелі еңбектердің бірі – Орыс семантикалық сөздігін айтуға болады; мұнда 30 000 сөз бен тұрақты сөз тіркесі сөз мағыналары мен кластары бойынша семантикалық жүйеге салынған, яғни бейнеленетін дүние болмысына сай семантикалық жіктелім берілген. Мұндай еңбектер тілдерді тиімді оқытып-үйренуде, семантикалық және концептологиялық зерттеулерде, тілдің семантикалық табиғаты мен байлығын дүние болмысын категориялау құралы ретінде қарастыруда, семантикалық парадигма жүйесін тануға негіз болады, себебі мұндай топтастырулар *кластерлік* қағидатқа сүйенеді.

Сонымен, дүниенің интеллектуалдық болмысының бөлігі/фрагменті – «ақыл» концептісін кластерлік семантикалық қағидатқа сәйкес және зерттеу материалымыздың талдауы көрсеткендей, семантикалық макроөріс ретінде келесідей микроөрістер құрамы арқылы құрылымдадық:

- 1) «ақыл субъектісі» (интеллект, ойлау әрекеті иесі);
- 2) «ақылға қатысты үрдістер» (ойлау әрекеті, ойлау қабілеттері);
- 3) «ақылдың интеллектуалдық мінездемесі» (ақыл, ойлау әрекеті сапасы, сипаттары, белгілері).

«Ақыл» концептісін (семантикалық макроөріс) құрайтын семантикалық микроөрістер құрылымында гендерлік маркерленген интеллектуалдық семантикадағы кластерлік (тақырыптық) мазмұнда топтастырылған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер қамтылған. Жоғарыда айтып өткеніміздей, біздің зерттеуіміздің басты міндеті – «ақыл» концептісінің гендерлік ерекшеліктерін *компоненттік талдау* мен *когнитивтік модельдеу* арқылы айқындау. Осыған сәйкес *оппозициялық, коннотациялық семантикалық және сыртқы компоненттік* ерекшеліктерін де талдау ескерілді.

Сонымен, түркі тілдеріндегі «ақыл» концептісі семантикалық өрісіне (макроөрісіне, жүйесіне) мысалы, **қазақ т.:** *ақыл таразысына салды, ақыл қосты; Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа; Ақылды қыз білімге жүгірер, ақылсыз қыз сөзге ілігер; Ақылға байлық – тозбас байлық; Ақылы асса, аға тұт, әкімшілігі асса, пана тұт; татар т.:* *ақыл белән, баш белән ‘ақылы бар, басы бар’, акыл бирүче ‘ақыл беруші’, акыл жыю ‘ақыл жинау’; түрік т.:* *akli başına gelmek ‘ақылын қолына алды, ақыл кірді, ақыл қонды’, akli başında olmak ‘ақылы басында бар, өз ақылында’; башқұрт т.:* *башы эшләй ‘өте ақылды, басы істейді’, Көслә шәхес ‘ойларды билеуші’, башы йоморо ‘басы істейді, ақылды’, акылға бер төрлә ‘басы қатты істемейді, ақылы жетпейді’; қырғыз т.:* *башы бар ‘басы бар, ақылы бар’, башы иштейт ‘басы істейді, ақылды’, баш акыл үчүн ‘басы ақыл үшін’, башын карап бер ‘басынан іздеп көр, ойлан, ақылыңды сал’; башкы ачык акыл калбады ‘білмейтін ешкім қалмады’* т.б. фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді келтіруге болады.

Түркі тілдеріндегі «ақыл» концептісін бейнелейтін фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді гендерлік ерекшеліктері тұрғысынан зерделегенде әйел мен ерге қатысты феминдік және маскулиндік интеллектуалдық сипаттардың моделденуі түркі дүниетанымында ерлерге қатысты деп бейнеленеді. Расында

да, егер түркі лингвомәдениетіне шолу жасасақ, барлық тілдерде метафораланған әйел мен ердің мынадай когнитивтік модельдерін байқауға болады, мысалы: *Әйел ақылсыз, бақа көріксіз; Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық; Ақымақ жігіт абыройсыз іске ұмтылады; Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа; Ақылды қария – ағынды дария; Ел азасы ақымақ болса, елін жолаушы шабады; Ойсыз жігіт өз үйіне өзі – қонақ* т.б.

Сонымен, фразеологиялық мағына мен мақал-мәтелдердің мазмұндық сипатын семантикалық, лингвомәдени тұрғыдан талдау мен когнитивтік модельдеу негізінде төмендегі гендерлік когнитивтік модельдерді анықтадық, олар өзара оппозициялық гендерлік жұптарды құрайтынын да байқадық:

1. Әйел – сұлулық иесі; ер – ақыл иесі.
2. Әйел сұлулығы – ақылында, рухани болмысында.
3. Ердің өзі – ақыл үйретуші.
4. Ерге ақылды ағайын керек, ақымақ, ақылсыз ағайын – жауға тең.
5. Ақылды әйел – құнды емес; ақылсыз ерден артық емес.
6. Ақымақтық – ердің абыройсыздығы, әйелге – кешірімді.
7. Кез келген ер ақылды болуы тиіс – жігіт, ер азамат, қызметтегі ер, жолдас, отбасылы ер, қария, ақсақал.
8. Әйелдің ақылы – айласы, қылығы, алдампаздығы, сезімталдығы, көңілі, ісмерлігі.
9. Ақылды әйел мен ер – жақсы, жақсылық; ақылсыз әйел мен ер – жаман, жамандық.

«Ақыл» концептісінің гендерлік мағыналық компонентінің сипаттарын анықтау үшін кейбір когнитивтік модельдерге тоқталып өтейік. «*Әйел – сұлулық иесі; ер – ақыл иесі*» моделін алатын болсақ, ол түркі лингвомәдениетіндегі ерекше гендерлік таптаурындық дүниетанымды бейнелейді. Бұл когнитивтік модель әйелге «ақыл керек емес, ол ерге тең емес, одан кем; әйел әдемі болса, сәнденсе жеткілікті» деген мағынада. Түркі лингвомәдениетінде *ер* мен *әйелдің* гендерлік рөлдері, мәртебесі, түрлі әлеуметтік орталардағы орны, нормаланған мінез-құлқы мен әрекеттену модельдері, бет-бейнесі, болмысы қалыптанған, нормаланған. Оны *реттеуші* жүйе – ұлттық-мәдени құндылықтар, салт-дәстүр, ұлттық-мәдени шартталған наным-сенімдер, нормалар, таптаурындар. Мысалы: *Ер елді басқарса, әйел отбасын басқарады; Әйел – үйдің көркі, ер – түздің көркі* дегеннен лингвомәдени факторларды көруге болады. *Ер – түздің адамы болғандықтан, ол – түздің* (қоғам, орта, ағайын-туыс, жерлес, отандас, дос-жараң, ел-рудың) *мәселесін ойлайды*, солардың шаруаларына араласады, үлес қосады, стратегиялық ойлау дағдыларын қосады, шешім қабылдайды, жауапкершілікті алады т.б. Аталған факторлар, әрине, ер адамның жан-жақтылығын, ой тереңдігін, өзі үшін ғана емес өзгелер үшін де ойлап, қамқоршы болуын, яғни ердің барлық маскулиндік сипаттары (қамқорлық, жауапкершілік, қолдаушылық, қорғаушылық, іскерлік) оның интеллектуалдық әрекетіне, функционалдық және гендерлік маркерленген рөліне де тікелей қатысты. Түздің адамы болу – сыртқы ортада көшбасшылық (түрлі – әлеуметтік, кәсіби,

іскерлік, гендерлік, жеке тұлғалық т.б.) жүргізу негізінде ғана мүмкін, ал көшбасшылықтың басты сипаты, тетігі – интеллектуалдық компонент.

«Әйел сұлулығы» – мінезінде, қылығында, ақылында, рухани болмысында: *Әйел пәлені көркінен табады, ер жігіт пәлені сөзінен табады; Еркек ер мінезділігімен, әйел биязы мінезділігімен сүйкімді; Әйелдің ақылын жесірінде байқа, баланың ақылын жетімінде байқа; Білімді әйел басыңа қарайды, білімсіз әйел жасыңа қарайды; Жақсы әйел – теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас; Ақылды әйел күйеуінің ойнап айтқанын ойлап талдайды және т.б.* Сонымен қатар, феминдік сипаттар қатарында интеллектуалдық қабілет-құзыреттілік түркі лингвомәдениетіндегі қызға (әйелден бөлек) қатысты көп айтылады, оның жағымды гендерлік сипатталуын көрсетеді, мысалы: *Ақылды қызға ана көп, аяулы жанға пана көп; Ақылды қыз білімге жүгірер, ақылсыз қыз сөзге ілігер; Ойының бекімі жоқ қыз қырық құбылады.*

Жалпы түркі лингвомәдениетінде *ақылды – жақсы, ақылдылық – жақсылық; ақылсыз – жаман, ақылсыздық – жамандық* деп концептуалданады. Бұл ерекшелікті біз когнитивтік модель ретінде жоғарыда (8) белгіледік, келесі мысалдар соның дәлелі: *Жақсыға айтсаң, біледі, жаманға айтсаң, күледі; Жақсының айтқан ақылы – алуа, шекер, балмен тең; Жақсы өз басынан көреді, жаман жолдасынан көреді; Жақсы қартайса, жазып қойған хаттай. Жаман қартайса, бықсып жанған оттай; Жақсы жігіт елін қорғайды, жаман жігіт басын қорғайды; Жақсы мақтанса, есебін табар, жаман мақтанса, қатынын сабар; Жаман, айтпаса, білмейді, ашпаса, көрмейді және т.б.*

Тағы да бір модельге тоқталатын болсақ, «*Ерге ақылды ағайын керек, ақымақ ағайын – жауға тең*». Ер адамнан өзінің және әлеуметтік орта (түзде) ер адамның ақылды, алғыр, көшбасшы, жігерлі болуын «талап» етеді, бұл – нормаланған сипат, сондықтан, ердің шыққан тегі, жақын әлеуметтік ортасы да оған сай болуы тиіс, ер-намысшыл, оның ағайын-жұрты да маскулиндік концептосферасында бірге қаралатын, болмысының маңызды бөлігі, талдау тезисіне мысал келтірсек: *Ақылды жау ақымақ туысыңнан артық; Ақылы жоқтың жақыны жоқ* т.б.

Анықталған когнитивтік модельдерден көріп отырғанымыздай, жағымды интеллектуалдық қабілет-құзыреттілік – *ақылдылық*, маңызды маскулиндік сипаттардың біріне теңеледі. Оның жағымсыз жағы – *ақылсыздық*, яғни *ақымақтық, жән-жосықты білмеу*, ерлер үшін жағымсыз гендерлік сипаттардың бірі. Ерге қатысты *ақылды болу, ақылға салу, ақылдылық, пайымдау, ойлану, тұжырымдау, шешім шығару* сияқты менталды үрдістерді алатын болсақ, барлығы ерлерге қатысты басымды маскулиндік сипат ретінде айтылады және ердің жағымды гендерлік бейнесін сипаттайтын фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде кездеседі.

Адамның интеллектуалдық болмысын гендерлік ерекшеліктері тұрғысынан кешенді зерттеу қағидаты оның тіл иелері дүниетанымындағы қабылдануын, тілдік модельденуін, интеллектуалдық субъектілердің феминдік және маскулиндік тұрғысынан сипатталуын, әйел мен ердің болмысында ақыл қандай өзгеше лингвомәдени көріністерге ие екендігін

байқадық. Ақыл – менталды категория ретінде түрлі сипаттарға ие (мысалы, жүйрік ойлау, тез қабылдау, зеректік немесе ақылдың тапшылығы) бола тұра, түркі лингвомәдениетінде концепт түрінде зерттелгенде, гендерлік маркерленген семантикалық компоненттері арқылы әмбебап категория болудан басқа, ұлттық-мәдени дүниетанымдағы маскулиндік пен феминдік феномендерінің гендерлік ерекшеліктерін барынша бейнелейтін лингвомәдени категория. Сондықтан, мұндай зерттеулер тілдегі ортақ антропологиялық факторларды анықтаумен қатар, түрлі мәдени код жүйелері тұрғысынан да – гендерлік, зооморфтық, соматикалық, заттық, жазықтық, колористикалық т.б. зерттелгені түркі тіл білімінің заманауи ғылыми бағыттарын және лингвистикалық әдіснамалық негіздерін дамытуға үлес қосатыны сөзсіз.

Зерттеуіміз «ақыл» концептісін кешенді талдау негізінде бірнеше әдістемелік қағидаттарды анықтады, атап айтсақ: 1) концептуалдық мағына кластерлік семантикалық жүйе арқылы қаралуы тиіс; 2) концептілердің құрылымын сипаттауда компоненттік талдау мен семантикалық топтастыру қағидаты басшылыққа алынады, әсіресе байлаулы мағына мен астарлы мағына жағдаятында семантикалық компоненттердің біркелкі еместігін айқындадық; 3) «ақыл» концептісін зерттеу үшін келесі семантикалық компоненттер маңызды болды – құрылымдық мағыналық макрокомпоненттер (гендерлік, бағалауыштық, оппозициялық) – гендерлік ерекшеліктерді анықтауда оппозициялық мағыналық макрокомпонент сипатталуы тиіс, себебі феминдік пен маскулиндік болмыстарының біз қарастырған түркі лингвомәдениеті үшін бірқатар өзгешеліктері орын алды – ұлттық-мәдени дүниетаным, реттеуші әлеуметтік орталар мен мәдени-әлеуметтік институттар жүйесі, ұлттық-мәдени шартталған нормалар, мінез-құлық, рөлдер, гендерлік болмыстың этникалық сипаттары; 4) гендерлік маркерленген мағынаға ие фразеологизмдердің компоненттері мен бейнелейтін интеллектуалдық концептінің ақиқат факторлары арасында өзара корреляциялық қатынастары қаншалықты жақын-алшақ екендігін анықтау маңызды болды; 5) түркі лингвомәдениетінің «ақыл» концептісін бейнелеуде «қолданылатын» гендерлік маркерленген когнитивтік модельдер компоненттік және лингвомәдени талдау арқылы жүзеге асырылатыны дәлелденіп отыр, ер мен әйел үшін *ақыл* әр түрлі гендерлік болмыс тұрғысынан бейнеленетіні анықталды; 6) түркі интеллектуалдық концептосферасын зерттеудің әдістемесі аталған ғылыми қағидаттарға негізделуі – түркі тіл біліміндегі гендерлік зерттеулер тәжірибесін әрі қарай қалыптастырып дамытуға, әдістемелік қағидаттардың тиімділігін тексеруге, бір концепт айналасында кешенді зерттеу жүргізуге болатынын негіздейді; 7) құрылымдық гендерлік маркерлену, семантикалық гендерлік маркерлену және гендерлік референция аспектілері *ақыл* концептуалдық мағынасының лингвомәдени аспектілерін сипаттауға негіз болды.

«Ақыл» концептісі түркі фразеологизмдері мен мақал-мәтелдері материалдары негізінде мынадай когнитивтік модельдерден құралатыны белгіленді: Әйел – сұлулық иесі; ер – ақыл иесі; Әйел сұлулығы – ақылында,

рухани болмысында; Ердің өзі – ақыл үйретуші; Ерге ақылды ағайың керек, ақымақ, ақылсыз ағайың – жауға тең; Ақылды әйел – құнды емес; ақылсыз ерден артық емес; Ақымақтық – ердің абыройсыздығы, әйелге – кешірімді; Кез келген ер ақылды болуы тиіс – жігіт, ер азамат, қызметтегі ер, жолдас, отбасылы ер, қария, ақсақал; Әйелдің ақылы – айласы, қылығы, кісі алдарлығы, сезінуі, көңілі, қолының шеберлігі; Ақылды әйел мен ер – жақсы, жақсылық; ақылсыз әйел мен ер – жаман, жамандық. Гендерлік маркерленген когнитивтік модельдер «ақыл» концептісінің жалпы гендерлік ерекшеліктерін қатар феминдік пен маскулиндік феномендерін де ажыратып сипаттауға мүмкіндік берді.

Қорытынды

Сонымен, түркі тілдеріндегі «ақыл» концептісінің гендерлік ерекшеліктерін анықтауда қолданылған зерттеу әдістемесі мен арнайы қолданылған әдістер құрамы өзінің тиімділігін дәлелдеді және қойылған міндеттердің толыққанды жүзеге асырылуына негіз болды. «Ақыл» концептісі семантикалық макроөріс ретінде белгіленіп, оның үстінде тұрған ауқымды жүйе – түркі интеллектуалдық концептосферасының семантикалық ядролық бөлігі ретінде қаралды. «Ақыл» концептісі семантикалық макроөріс ретінде өз құрамында мағыналық кластерлік микроөрістерді ажырататынын көрсетті, сонымен бірге лингвомәдени және когнитивтік категория ретінде гендерлік факторларды қамту барысында гендерлік лингвистика категориясы қатарында тұратынын меңзейді. Анықталған 9 когнитивтік модель құрамы «ақыл» концептісінің түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік болмыс ерекшеліктерін айқындады.

Мұндай зерттеулер алдағы уақытта түркі тілдерінің гендерлік және интеллектуалдық концептосферасын зерттеп, дамытуда маңызды әрі түркі тілдерінің концептологиялық саласын ұлттық кодты танып-білу, этникалық сипаты тұрғысынан, мәдени-әлеуметтік болмысымызды тілдік танымдық қырынан ғылыми зерделеу үшін қажет.

Түркі интеллектуалдық концептосферасы жүйесін қалыптастыратын гендерлік маркерленген ауқымды зерттеу материалын кешенді талдау негізінде келешек ғылыми ізденістер үшін жаңа бағыттарды қалыптастыру мүмкіндіктерін байқадық, олар фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерінен басқа тілдік және сөйлеу деректерін қамтитын болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мырзашова А.К. Глагольные фразеологизмы мыслительной деятельности в казахском и русском языках: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2000. – 27 с.

[2] Леонтьева Т.В. Интеллект человека в зеркале русского языка: дис. ... канд. филол. наук. – Екатеринбург, 2003. – 483 с.

[3] Сергеева Н.М. Концепты «ум» и «разум» в русской языковой картине мира: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Екатеринбург, 2004. – 28 с.

[4] Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. – М.: Изд-во «Институт социологии РАН», 1999. – 180 с.

- [5] Горошко Е.И. Особенности мужского и женского вербального поведения (психолингвистический анализ): автореф. дис. ... канд. филол. наук. – М., 1996. – 27 с.
- [6] Хасанұлы Б. Гендерлік лингвистика және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығының гендерлік сыны // Сборник материалов международной научно-практической конференции. – Павлодар: ПГУ им. С. Торайгырова, 2005. – Б. 264-276.
- [7] Шоқым Г.Т. Гендерлік лингвистика негіздері: оқулық. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 б.
- [8] Jakubowicz M. Orientierungsmetaphern in der Konzeptualisierung seelischer Zustände // Die Welt der Slaven. Sammelbände (8). Beiträge der Europäischen Slavistischen Linguistik. – München, 2000. – Bd. 3. – S. 121–129.
- [9] Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с.
- [10] Попова З. Д., Стернин И. А. Очерки по когнитивной лингвистике. – Воронеж: Истоки, 2001. – 191 с.
- [11] Беляевская Е.Г. Проблема сложения смыслов при формировании семантики идиом // Материалы международной школы семинара по когнитивной семантике. – Тамбов: Изд-во ТГУ, сентябрь 2002. – С.4–6.
- [12] Зыкова И.В. Способы конструирования гендера в английской фразеологии. – М.: Едиториал УРСС, 2003. – 232 с.

REFERENCES

- [1] Myrzashova A. K. Glagol'nye frazeologizmy myslitel'noj dejatel'nosti v kazahskom i russkom jazykah (Verbal phraseological units of mental activity in Kazakh and Russian languages): avtoref. diss. ... kand. filol. nauk. – Almaty: KazNU im. al'-Farabi, 2000. – 27 s. [in Rus.]
- [2] Leont'eva T. V. Intellect cheloveka v zerkale russkogo jazyka (Human intelligence in the mirror of the Russian language): dis. ... kand. filol. nauk. – Ekaterinburg, 2003. – 483 s. [in Rus.]
- [3] Sergeeva N.M. Koncepty «um» i «razum» v russkoj jazykovoj kartine mira (The concepts of "mind" and "reason" in the Russian language): avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – Ekaterinburg, 2004. – 28 s. [in Rus.]
- [4] Kirilina A. V. Gender: lingvisticheskie aspekty (Gender: linguistic aspects). – Moskva: Izd-vo «Institut sociologii RAN», 1999. – 180 s. [in Rus.]
- [5] Goroshko E. I. Osobennosti muzhskogo i zhenskogo verbal'nogo povedenija (psiholingvisticheskij analiz) (Features of male and female verbal behavior (psycholinguistic analysis): avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – М., 1996. – 27 s. [in Rus.]
- [6] Hasanұлы Б. Genderлік лингвистика және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығының гендерлік сыны (Gender linguistics and gender criticism of Mashhur Zhusip Kopeevich's work) // Collection of materials of the international scientific and practical conference. – Pavlodar: PGU im. S. Torajgyrova, 2005. – B. 264-276 [in Kaz]
- [7] Шоқым Г.Т. Genderлік лингвистика негіздері (Fundamentals of gender linguistics). – Almaty: Jekonomika, 2012. – 190 b. [in Kaz]
- [8] Jakubowicz M. Orientierungsmetaphern in der Konzeptualisierung seelischer Zustände // Die Welt der Slaven. Sammelbände (8). Beiträge der Europäischen Slavistischen Linguistik. – München, 2000. – Bd. 3. – P. 121-129. [in English]
- [9] Telija V. N. Russkaja frazeologija. Semanticheskij, pragmaticheskij i lingvokul'turologicheskij aspekty (Russian phraseology. Semantic, pragmatic and linguoculturological aspects). – Moskva: Shkola «Jazyki russkoj kul'tury», 1996. – 288 s. [in Rus.]
- [10] Popova Z. D., Sternin I. A. Oчерki po kognitivnoj lingvistike (Essays on cognitive linguistics). – Voronezh: Istoki, 2001. – 191 s. [in Rus.]
- [11] Beljaevskaja E. G. Problema slozhenija smyslov pri formirovanii semantiki idiom (The problem of adding meanings in the formation of the semantics of idioms) // Materials of the

International School of Cognitive Semantics seminar. – Tambov: Izd-vo TGU, sentjabr' 2002. – S.4–6. [in Rus.]

[12] Zykova I. V. Sposoby konstruirovaniya gendera v anglijskoj frazeologii (Ways of constructing gender in English phraseology). – M.: Editorial URSS, 2003. – 232 s. [in Rus.]

ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТА «УМ» В СИСТЕМЕ ТЮРКСКОЙ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ КОНЦЕПТОСФЕРЫ

Бакытжанова А.К.¹, *Шоқым Г.Т.², Буранкулова Э.Т.³

¹канд.фил.наук, Академия государственного управления при Президенте РК,
Астана, Казахстан,
e-mail: mak_75@rambler.ru

*²док.фил.наук, профессор, Актюбинский региональный университет
им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан,
e-mail: shokum@mail.ru

³PhD, ст.препод., Актюбинский региональный университет
им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан,
e-mail: elmira.burankulova@inbox.ru

Аннотация. На основе следования достижениям таких наук, как когнитология, психолингвистика, социолингвистика, направленных на изучение человеческого бытия, в казахстанском языкознании за последние 20 лет особым темпом развивается направление гендерной лингвистики. Гендерные факторы в языке послужили основой для определения взаимосвязи человека и языкового бытия с помощью методологии указанных наук. В том числе изучение интеллектуальной концептосферы человека с точки зрения гендерных особенностей – безусловно, внесет свой вклад в методологическую сферу казахстанской гендерной лингвистики.

Целью данного исследования является определение тюркской интеллектуальной концептосферы с точки зрения гендерных особенностей мужчины и женщины на основе концепта «ум». В статье исследуются гендерные особенности концепта «ум» в тюркских языках на основе пословиц и фразеологизмов. В качестве объекта исследования берутся пословицы и фразеологизмы, отражающие гендерную семантику, и определяются их когнитивные модели гендерного характера. В ходе исследования, помимо общенаучно-теоретических методов (таких как описание, интерпретация, систематизация, сравнение), применялись такие специальные методы, как обобщение и сортировка материалов исследования, семантическая классификация и группировка, статистический анализ, компонентный анализ смысла, когнитивное моделирование, метод противопоставления.

Изучаемый концепт «ум», несомненно, является актуальной проблемой, которая рассматривается комплексно с точки зрения когнитивного анализа, интеллектуальной концептосферы, гендерной лингвистики и тюркского языкознания. Характеристика концепта «ум», составляющего ядерную часть тюркской интеллектуальной концептосферы, с точки зрения гендерных факторов подчеркивает актуальность исследования.

В результате исследования установлено, что концепт «ум» как семантическое макрополе различает в своем составе семантические кластерные микропоры и, как лингвокультурная и когнитивная категория, в процессе включения гендерных факторов, оказывается в числе категорий гендерной лингвистики. В заключении анализа сформулировано, что выявленные когнитивные модели концепта «ум» определяют особенности гендерного бытия в тюркской лингвокультуре этого концепта.

Такие исследования важны для дальнейшего изучения и развития гендерной и интеллектуальной концептосферы тюркских языков и необходимы для научного изучения

концептологической сферы тюркских языков с точки зрения национального кода, этнического характера, языкового познания нашей культурно-социальной идентичности.

Ключевые слова: интеллектуальный концепт, гендерная лингвистика, тюркские языки, когнитивный анализ, концептосфера, ум, семантика, когнитивная модель

GENDER FEATURES OF THE CONCEPT "MIND" IN THE SYSTEM OF THE TURKIC INTELLECTUAL CONCEPTOSPHERE

Bakytzhanova A.K.¹, *Shokym G.T.², Burankulova E.T.³

¹Cand.Phil. Sc., Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan,
e-mail: mak_75@rambler.ru

*²Doc.Phil.Sc., Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan,
e-mail: shokum@mail.ru

³PhD, senior lecturer, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan,
e-mail: elmira.burankulova@inbox.ru

Abstract. On the basis of following the achievements of such sciences as cognitology, psycholinguistics, sociolinguistics aimed at studying human existence, the direction of gender linguistics has been developing at a special pace in Kazakh linguistics over the past 20 years. Gender factors in language served as the basis for determining the relationship between a person and linguistic existence using the methodology of these sciences. Including the study of the intellectual conceptual sphere of a person from the point of view of gender characteristics – will certainly contribute to the methodological sphere of Kazakh gender linguistics.

The purpose of this study is to define the Turkic intellectual conceptsphere in terms of gender characteristics of men and women based on the concept of "mind". The article examines the gender features of the concept of "mind" in the Turkic languages on the basis of proverbs and phraseological units. Proverbs and phraseological units reflecting gender semantics are taken as the object of research, and their cognitive models of gender character are determined. In the course of the study, in addition to general scientific and theoretical methods (such as description, interpretation, systematization, comparison), special methods such as generalization and sorting of research materials, semantic classification and grouping, statistical analysis, component analysis of meaning, cognitive modeling, and the method of opposition were used.

The studied concept of "mind" is undoubtedly an urgent problem, which is considered comprehensively from the point of view of cognitive analysis, intellectual conceptsphere, gender linguistics and Turkic linguistics. The characterization of the concept "mind", which is the nuclear part of the Turkic intellectual conceptsphere, from the point of view of gender factors emphasizes the relevance of the study.

As a result of the study, it was found that the concept of "mind" as a semantic macropole distinguishes semantic cluster micro-supports in its composition and, as a linguocultural and cognitive category, in the process of including gender factors, turns out to be among the categories of gender linguistics. In the conclusion of the analysis, it is formulated that the identified cognitive models of the concept of "mind" determine the features of gender existence in the Turkic linguoculture of this concept.

Such studies are important for the further study and development of the gender and intellectual conceptual sphere of the Turkic languages and are necessary for the scientific study of the conceptual sphere of the Turkic languages from the point of view of the national code, ethnic character, linguistic cognition of our cultural and social identity.

Keywords: intellectual concept, gender linguistics, Turkic languages, cognitive analysis, conceptosphere, mind, semantics, cognitive model

Статья поступила 27.02.2023